



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

Шет тілдік білім беру саласында білім беру мен ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруға, жоғары сапалы білім мазмұнын құруға қабілетті, жалпы және кәсіби құзыреттілікті меңгерген, кәсіби мамандандырылған - PhD ДОКТОР даярлау.

КӘСІБИ САЛА

*-білім беру (педагогикалық);
- оқыту-тәрбиелеу;
- оқыту-технологиялық;
-әлеуметтік-педагогикалық;
- эксперименттік-зерттеу;
-ұйымдастырушылық-басқару;*

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН1** - мамандықтың жоғары әлеуметтік мәнін түсінеді, кәсіптік этика қағидаларын сақтайды, кәсіби іс-әрекетте пәндік саладағы білімді, оқытудың бақылау-өлшеу құралдарын қолданады;
- ОН2** - әртүрлі теориялардың, тәсілдердің, бағыттар мен лингводидактика мектептерінің ғылыми жетістіктерін және шетел тілін оқыту әдістемесін жинақтау негізінде проблемалық зерттеу саласының қазіргі жағдайына ғылыми талдау жүргізеді;
- ОН3** - лингводидактика және шет тілдік білім беру әдістемесі саласында ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу кезінде жалпы және дербес әдістемелік қағидаларды қолданады;
- ОН4** - мәдениаралық коммуникация субъектісінің дамуының негізгі заңдылықтарын зерттеу мақсатында аналитикалық, сараптамалық және болжамдық іс-әрекет дағдыларын қолданады;
- ОН5** – педагогтың кәсіби этика қағидалары мен нормаларын сақтай отырып, әртүрлі тәсілдерді қолдану негізінде ғылыми ақпаратты талдайды, өңдейді, түсіндіреді, жүйелейді және жинақтайды.
- ОН6** - лингводидактика және шет тілін оқыту әдістемесі саласында ғылыми-зерттеудің және қолданбалы іс-әрекеттің заманауи әдістерімен жұмыс істейді;
- ОН7** - ғылыми таным жүйесіндегі шет тілін оқыту әдістемесін психологиямен, психолингвистикамен, сөйлеу әрекеті теориясымен, когнитивтік лингвистикамен, лингвокультурологиямен және мәдениаралық коммуникация теориясымен өзара байланыстырып, практикалық іс-әрекетте қолданады;
- ОН8** - қазіргі заманғы шет тілдік білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оқыту технологияларын басқарады: басқару, ұйымдастыру, оқыту технологиялары;
- ОН9** - білім беру стандартының талаптарына жауап беретін түйінді, негізгі, арнайы құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін заманауи технологиялар жүйесін, шет тілдік білім берудің құзыреттілікке бағытталған мазмұнын құрастыруды жүзеге асырады;
- ОН10** - кәсіби шет тілдік білім берудің тиімділігі пен сапасын басқаруды бағалау үшін критерийлік базаны қолданады;
- ОН11** – шет тілдік білім берудің контекстілік құзыреттілікке негізделген ұйымдастырушылық негізі ретінде әртүрлі білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын даярлайды;
- ОН12** – ғылыми-кәсіби іс-әрекетте этикалық кодексті сақтайды.